

Толеранттылыққа тәрбиелеу



**1995 жылы 19 қарашада
ЮНЕСКО-ның бас
конференциясының шешімімен
Толеранттылық
ұстанымдарының
декларациясы бекітілді.**



Толеранттылық- бұл бейбітшілік, сүйгіштік, этникалық, діни, саяси конфессионалдық, тұлғааралық әралуандыққа төзгіштік, “басқаның” теңқұқылы қатар өмір сүруін мойындау.

Толеранттылық бізді қоршаған әлемдегі мәдениеттің сан алуандығын, адамдардың жеке­лігін құрметтеу, қабылдау және дұрыс түсінуді білдіреді.

Толеранттылық - адамның жан - жақты құқықтары мен негізгі бостандықтарын мойындау негізінде қалыптасқан белсенді қарым - қатынас. Жекелеген адамдар, топтар және мемлекеттер толерантты болулары керек.

Толеранттылық – бұл адам құқығының, плюрализмнің (соның ішінде мәдени плюрализм), демократия мен құқықтық тәртіптің бекітілуіне ықпал етуге міндеттілік.

- Мойындау – бұл басқа адамды басқа құндылықтардың, басқаша ойлау логикасының, басқаша мінез-құлық формасының иесі ретінде көре білу қабілеті.
- Қабылдау – бұл осындай айырмашылықтарға дұрыс көзқараспен қарау.
- Түсіну – бұл басқаны іштей көре білу, оның ішкі жан дүниесіне екі жақты көзқарас тұрғысынан білу қабілеті.

**Белгілі педагог-ғалым В.С.
Кукушин толеранттылық
қалыптастырудың басты
бағыттары деп
төмендегілерді көрсетеді:**



- Халық және адам құқы мен еркіндігі, нәсіл және діни конфессиялар туралы ғылыми білімдер жүйесімен таныстыру;
- Жалпы адамзаттық және азаматтық сезімдер мен сана қалыптастыру;
- Түрлі ұлт және дін өкілдерімен қарым-қатынас мәдениетін дамыту;
- Өркениетті әлемде миграцияның үздіксіз тарихи үрдіс екенін түсіндіру;

- Әрбір жеке басқа этникалық өзіндік ерекше көзқарастардың тән болуы табиғи құбылыс екенін ұғындыру;
- Әр халықтың да өз этнопедагогикасының болатынын және оның өкілінің оны құрмет тұтуы заңды құбылыс екенін түсіндіру;
- Оқу-тәрбие үрдісін, оқулықтар мазмұнын этнопедагогикалық, тарихи және мәдени құндылықтарға негізделген материалдармен байыту;
- Әлемдегі діндер тарихымен таныстыру, кез келген діннің жалпы адамзаттық құндылықтарды дәріптеу деген ортақ мақсатты көздейтінін, әркім өз дінін ұстануға құқылы екенін саналы сезіндіру қажет.

Жоғарыда аталған белгілі
ғалымдар ұлтаралық
толеранттылықты тәрбиелеу
технологиясын төмендегілерге
теңестіреді:



- Мектепке дейінгі тәрбие мазмұнын өзгерту (этномәдени және планетарлық құрауыштармен толықтыру);
- Мектептік білім беру парадигмасын өзгерту (гуманистік парадигманы белсендіру);
- Сабақтан тыс жұмыстарға жаңа реңк беру (мазмұнын этнопедагогикаландыру)

Оқу-тәрбие үрдісін
этнопедагогикаландыруды
түрлі арнайы курстар не
факультативтік сабақтар
кіріктіру арқылы жүзеге асырған
оңды болмақ деп есептеледі.

Мәселен:

- "Музыкалық фольклор".
- "Өлкеміздің мәдениеті –Қазақстан мәдениетінің бір бөлігі ретінде"
- "Ұлттық отбасылық-тұрмыстық мәдениет"
- " Этнография"
- "Орхон–Енисей жазбалары –дәуір тарихы"
- "Адам экологиясы"
- "Адамтану тұжырымдамалары"
- "Халық –қапысыз тәрбиеші"
- "Қазақстан халқының этнопедагогикасы"
- "Әлемдік діндердің этикалық құндылықтары"
- "Қазақстандағы киелі жерлер мен ежелгі қалалар тарихы" және т.б. байытуға болады.

Тұлғаның толеранттылық деңгейін диагностикалаусыз оны қалыптастыру жұмысын жоспарлау мүмкін емес. Сондықтан психолог түрлі әдістерді пайдалана отырып тұлға толеранттылығының қалыптасу деңгейін анықтап беруі шарт. Бүгінгі таңда ондай әдістемелер ғылыми негізделген де, мәселен, П.В.Степановтың әдістемесін пайдалануға болады (төменде ұсынылады).

Бұдан бөлек оқушы
толеранттылығының қалыптасу
деңгейін олардың мінез-құлықтарын
бақылау, рөлдік ойын барысындағы
эмоционалдық күйіне,
проблемалық пікірталастар, топтық
рефлексия, шығармаларын талдау,
сауалнамалар арқылы білуге де
болады.

Осы мәселеге қатысты сауалнамаларға материалдар іріктеу барысында төмендегідей ұстанымдарды басшылыққа алуды ұсынылады:

- Сауалнама мазмұны оқушыларға түсінікті және бір мәнде қабылдануы тиіс.
- Сауалнама мазмұны оқушының басқа дін, ұлт, өмір салтына, мінез-құлыққа, құндылыққа, пікірге, нәсілге қатысты көрінетін өзгешеліктерге деген қатынасын білдіретіндей болуы керек.

Ғалымдардың зерттеуі бойынша оқушылар толеранттылығының қалыптасуының 4 деңгейі белгіленген:

- интолеранттылық деңгейі жоғары
- интолеранттылық деңгейі жоғары емес
- толеранттылық деңгейі жоғары
- толеранттылық деңгейі жоғары емес

□ **Интолеранттылық деңгейі жоғары** – басқа мәдениет өкілдерін саналы түрде түсінбеу және қабылдамау.

Ол сырт көрінісі басқа немесе өзге құндылықтар иелерінің тең құқықтылығын түсінгісі келмейді.

- **Интолеранттылық деңгейі жоғары емес** – мәдениет өкілдерінің құқықтарын сөз жүзінде мойындайды, адамдардың діни, нәсілдік, мәдени, ұлттық ерекшеліктеріне қарамай тең құқықты өмір сүруі қажет деген ұстанымды айтады, бірақ сонымен қатар жекелеген әлеуметтік топтарға жағымсыз қатынасын ұстайды.

- **Толеранттылық деңгейі жоғары емес** – мәдени плюрализмді мойындайды және түсінеді, түрлі әлеуметтік топтарға деген құрметпен келіседі, бірақ солай бола тұра, өз бетімен күнделікті өмірдегі, әсіресе жабық түрдегі мәдени дискриминация құбылысын көруге қабілетті емес.

□ **Толеранттылық деңгейі жоғары** – басқа мәдениетті, адамдардың басқа өмір салтына, өз көзқарастары мен құндылықтарын еркін көрсетуге деген құқықтарын мойындайды.

Бұл өзге мәдениетті қабылдау, мәдени ерекшеліктерге жағымды қатынас, кез келген мәдени дискриминацияға ерекше көңіл бөледі, басқа мәдениетпен өзіне қандай да бір пайдалы және құнды нәрселер таба біледі.

Сауалнама парағы

(В.П.Степанов бойынша)

Сізге ұсынылған бір қатар көзқарастардың қайсысымен келісетініңізді, қайсысымен келіспейтініңізді анықтауыңызды сұраймыз. Келісу не келіспеу деңгейіңізді төмендегідей бағалаңыз.

- ++ әбден келісемін (әрине, келісемін);
- + аздап келіспеушілік (келісетін шығармын);
- 0 жауап беруге қиналамын.
- – аздап келіспеушілік (келіспейтін шығармын);
- - - мүлдем келіспеушілік

Әділетті болуға тырысыңыз. Өз бағалауыңызды сауалнама сұрағының қасына жазыңыз.

1. Әр түрлі пікірлер жүретін топ ұзақ өмір сүре алмайды.
2. Өркениетті елдер, мәселен Ресей, Қазақстан – Африка елдеріне көмектеспеуі тиіс, олар өз мәселелерін өздері шешсін.
3. Азшылық көпшіліктің пікірін еркін сынай алуы, жақсылықтың белгісі.
4. Байлардың балалары өз ақшаларына болса да, ерекше мектептерде оқуға құқылы болмауы тиіс.
5. Артта қалған оңтүстік елдерден келгендерді белгілі бір арнайы аудандарда бөліп ұстап, оларды жеке мектептерде ғана оқытып, басқа адамдармен қарым-қатынасын шектесе дұрыс болар еді.

6. Жас адамның сақал қойып, шашын өсіруі кімге болса да жағымсыз.
7. Біздің елімізде тұратын аз ұлттар Қазақстан мемлекетінікінен бөлек өз дәстүрлері мен салттарымен байланысты ерекше заңдарына құқылы болуы тиіс.
8. Барлық қайыр сұраушылар мен үйсіз-күйсіз жүрген қаңғыбастарды күштеп ұстап алып, жұмысқа салу қажет.
9. Адамдар тең болып жаралмаған: кейбіреулері басқаларға қарағанда ерекше екені рас.
10. Қара нәсілді адамды ақ нәсілділерге жетекші немесе басшы етіп қою әділетсіздік белгісі.

11. Қара нәсілді адамдардың сырт көрінісі қандай да бір белгісімен болса да, нормадан ауытқушылық болып табылады.
12. Қазіргі терроризмнің шығу себептерін батыс мәдениетінен іздеу керек.
13. Қайыршылар тұратын аудандарды жақсарту – бұл мемлекеттік ақшаны текке төгумен пара-пар.
14. Еврейлер де кез келген ұлт өкілдері сияқты қоғамға пайдалы азаматтар.
15. Тіпті ең бір түрлі адамның өзі ақылға қонбайтын ерекше қызығушылығы бар адам да өз көзқарасы мен өзін қорғауға құқылы болуы тиіс.

16. Қара нәсілді адамдар ақ нәсілді адамдардан экономикалық дамуы жағынан артта келе жатқанына қарамастан олардың ақыл-ой қабілеттерінің арасында ешқандай айырмашылықтың жоқтығына мен сенімдімін.
17. Өз елінен басқа да елді көбірек жақсы көріп, сол елге көбірек көмектесетін адамды жазалау керек.
18. Біз өз қаламызға басқа ел өкілдерінің көшіп келуін шектемеуіміз керек.
19. Азия және Африка елдерінің адамдары Қазақстан азаматтығын алса да басқа қазақстандықтармен бірдей жақсы жұмысқа және жоғары мемлекеттік қызметке тұра алмайды деген сөз әділетсіз айтылған деп есептеймін.
20. Барлық шешендер табиғатынан бірдей.

21. Түрлі нәсілдер мен ұлт өкілдерінің арасында таланты мен қабілеттерінің арасында айырмашылық бар.
22. Мен ұсқынсыз, салақ адамдарды көрсем, оларда жұмысым болмауы тиіс – өйткені бұл олардың жеке басының мәселесі деп ойлаймын.
23. Құрметтеуге лайық емес ұлттар мен халықтар бар.
24. Басқа дін өкілімен дос болатынымды көз алдыма елестетуім қиын.
25. Біздің еліміздегі адамдардың түрлі, тіпті қарама-қайшы көзқарастарды ұстануы – Қазақстан үшін пайдалы.

26. Бөтен немесе таныс емес сөздерді қолданатын жазушылар менің жүйкемді тоздырады.
27. Адамдарды оның ұлтына емес, оның адамгершілік және іскерлік сапаларына қарап бағалау қажет.
28. Тек бір ғана дін ақиқат дін бола алады.
29. Бір реткі қылмыс жасаған адам, кейін жағымды болып өзгере алмайды.
30. Қазақстанның көпұлтты мемлекет болуы – оның мәдениетін байыта түседі.

31. Менімен келіспейтін адам, әдетте менің жүйкемді тоздырады.
32. Мен біздің барлығымыз үшін ненің жақсы, ненің жаман екенін анық білемін, сондай-ақ басқалардың да оны солай түсінуі тиіс деп есептеймін.
33. Жарыңды өз ұлтыңнан таңдағаннан жақсысы жоқ.
34. Менің өзге елде біраз өмір сүргім келеді.
35. Қайыр тілеушілердің барлығы жалқау, екі жүзді және өтірікшілер деп есептеймін.

36. Басқа мәдениет өкілі, өзге дәстүрді ұстаушы немесе басқа дағдылары бар адам қоршаған ортадағыларды сақтандырып, қорқыныш сезімін ұялатады.
37. Ұлттық ерекшелігіне қарай кез келген құқығын төмендетушіліктің барлығы дерлік заңсыз деп табылып, қатаң жазалануы тиіс.
38. Азшылық топ өкілін немесе басқалардан өзгеше адамдар құқын қорғау аса маңызды.
39. Біздің елімізге қоғамдағы бейбітшілік пен ынтымақтастық үшін бәріне баратын неғұрлым төзімді адамдар қажет.
40. Кез келген ұлтаралық қақтығыстарды келіссөздер мен түсіністік табу арқылы шешуге болады.

40. Кез келген ұлтаралық қақтығыстарды келіссөздер мен түсіністік табу арқылы шешуге болады.
41. Біздің еліміздегі болып жатқан қыдымыстардың көпшілігін сырттан келгендер жасайды.
42. Кішірею –әлсіздік танытумен пара-пар.
43. Үкімет елімізге экономикалық жағынан артта қалған елдерден келіп жатқан босқындар легін тоқтатуы тиіс, өйткені ол қылмыстың көбеюіне жол береді.

Нәтижені өңдеу

- Егер респондент жауабы (++) болса – 2 балл;
- (+) болса 1- балл;
- (0) болса –0 балл;
- (–) болса 1 балл;
- (– –) болса 2 балл алынып тасталады.

Нәтиже таңбаларды ескере отырып баллдар санының қосындысына тең болады.

Сонымен қатар,

3,7,14,15,16,18,19,22,15,17,30,34,37,38,39,40 сұрақтарда таңба ауыспайды.

Ал 1,2,4,5,6,8,9,10,11,12,13,17,20,21,23,24,26, 28,29,31,32,33,35,3,641,42,43,44,45 жауаптарда таңба кері таңбаға ауысады.

Қорытынды төмендегідей болады:

- – 90- нан – 45 – инотолеранттылық дамуы жоғары деңгейде.
- – 45-тен 0-ге дейін – инотолеранттылық даму деңгейі жоғары емес.
- 0-ден 45-ке дейін – толеранттылық деңгейі жоғары емес.
- 45-тен 90-ға дейін – толеранттылық деңгейі жоғары екенін көрсетеді.

Көпмәдениетті тәрбиелілік өлшемі:

- Ана тілін және басқа тілді меңгеру – лингвистикалық өлшем;
- Отандық мәдениетті игеру – этно-тарихи өлшем;
- Басқа ұлт мәдениетін игеру – жалпыадамзаттық өлшем;
- Дінге деген өз көзқарасын саналы сезінуі – діни өлшем;
- Әлемдік және көркем құндылықтарды меңгеру – эстетикалық өлшем;
- Құқық нормаларын меңгеру – құқықтық өлшемнен құралады.

Баланың өзіндік әрекетін қалыптастыру әдістері:

Өз рухын өзі көтеруі

Өзін-өзі жетілдіру

- Өзіндік талдау
- Өзіндік сын
- Өзін-өзі тану
- Өзін-өзі тазарту

Өз білімін өзі көтеруі

Сезімі мен ақылын (санасын) өзі реттеу

- Өзін-өзі тәрбиелеу
- Өзін-өзі оқыту
- Өзін-өзі билеу

Өз тәртібін өзі қалыптастыруы

Ерік-жігері мен мінез-құлқын өзі
қалыптастыруы

- Өзін-өзі шектеу
- Өзін-өзі бақылау
- Өзін-өзі ынталандыру